



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

мемлекеттік органдарға еліміздің криминогендік жағдайына үнемі мониторинг жүргізу және қоғам пікірін зерделеп отыру тапсырылды.

Баяндаманы аяқтай отырып, Қазақстанның өлім жазасынан бас тартқан өзге де елдердің тәжірибесі көрсеткеніндей, мұндай қадам жасау үшін алдын-ала үлкен дайындық жұмыстарын жүргізу қажет екенін атап өткім келеді. Ол нормативтік құқықтық база құрумен және тиісті ұйымдастырушылық-техникалық тұрғыдан жағдай жасаумен ғана шектелмей, кең көлемді ағартушылық және түсіндіру жұмыстарын қажет етеді. Әрине, өлім жазасынан бас тарту туралы мәселені арифметикалық тұрғыдан, халықтың көпшілік дауысымен шешуге болмайды, дегенмен қоғам пікірін осындай қадамның қажет екеніне дайындай беру керек. 18-ге толмаған жасөспірімге, әйел адамға, сот үкімі шыққанға дейін 65 жасқа толған ер адамға қолданылмайды.

Рақымшылық жасалған жағдайда өлім жазасы өмір бойына немесе 25 жылға бас бостандығынан айыру жазасына ауыстырылуы мүмкін. Заң көмегін алуға және қорғаушымен оңаша кездесуге құқылы. Кешірім жасау туралы барлық арыздар қанағаттандырылмай, үкім күшінде қалдырылғаны туралы хабарлама түскеннен соң жаза бір жыл өткеннен кейін ғана орындалады. Өлім жазасына сотталғандар еңбекке тартылмайды. Өлім жазасы жария етілмей ату жолымен орындалады. Сондықтан Қазақстан Республикасының әрбір азаматы қылмыс жасар алдында өз болашағының, тағдырының, ұрпағының жолын кеспей, түзу және таза жолға түскенін қалаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Арықбай Ағыбаев, Сұхбат «Өлім жазасын мүлдем жоюды ғалым ретінде қуаттамаймын» 02 ақпан 2012, 110-б.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылдың 30 тамызы. «ЮРИСТ» баспасы (кейінгі өзгерулерімен).
3. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2003 жылғы 17 желтоқсандағы «Елде өлім жазасына мораторий жариялау туралы» Жарлығы.
4. Сәуле Мектепбаева, Орталық Азиядағы өкілдігінің директоры. Өлім жазасы бойынша статистикалық мәлімет. 22 қыркүйек 2011 жыл

УДК343.3/7

АФФЕКТ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘНІ

Марденова Айгерім Қанатбекқызы

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетіндегі
Заң факультетінің 2-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – з.ғ.к. Ашимова Э.А.

Аффект – ол бұрыннан-ақ заңгерлер, сот психологтарының және психиатрлардың назарын аударған, қылмыстық-релеванттық эмоционалды күйлердің бірі. Қылмыстық Кодексте «аффект» ұғымы заң шығарушымен қылмыскердің аффект күйінде адам өлтіру, адам денсаулығына қасақана ауыр, ауырлығы орташа зиян келтіру үшін қылмыстық жауаптылық қарастырылады.

Аффект – ол қылмыскердің тәуелді санасына бағынбаушылық тудыратын, екпінді және жігерлі түрде өтетін эмоционалды процес. Аффект терминіне берілген бұл анықтама С.Л.Рубинштейнмен ойластырып шығарылған. Оның ойынша аффект жағдайында сана таралады, және эмоциялық әрекет көңіл күймен байланысты қабылдайтын заттар мен түсініктердің шағын шоғырына бағытталады [1].

Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінде денсаулыққа кенеттен пайда болған жан күйзелісі жағдайында жасалған, жәбірленушінің тарапынан зорлық жасауға, қорлауға немесе моральға жат әрекеттеріне байланысты, сонымен бірге жәбірленушінің

ұдайы құқыққа қарсы немесе моральға жат мінез-құлқына байланысты туындаған ұзаққа созылған психикалық бұзылу жағдайында қасақана ауыр және орташа ауырлықтағы зиян келтіру үшін жауаптылық көзделген [2].

Борчашвили бойынша бұндай қылмыстардың объектісі жасалған қылмыстық әрекет бойынша адам өмірі немесе денсаулығы болуы мүмкін. Ал объективті жағы болып жәбірленушінің құқықбұзушыға қатысты құқыққа немесе моральға жат құлқына байланысты кенеттен пайда болған жан күйзелісі кезінде жасалған қылмыс болып саналады. Субъективтік жағынан бұл қылмыс қасақаналықпен (тікелей немесе жанама) жүзеге асырылады. Ал субъектісі он алты жастағы кез келген адам бола алады [3].

Жаза тағайындау кезінде аффект күйінде жасалған қылмыс үшін жаза жеңілірек болып табылады. Заңдағы осы «жеңілдіктерді» білетін қылмыскерлер бұны оңай қолданысқа жіберуі мүмкін. Әр адам өзінің жасаған қылмысы үшін жауаптылыққа тартылуы керек. Тек сол жағдайда ғана әр адам қылмыстың ауыртпалығын түсінеді. Ал қылмыс үшін дұрыс тандалған жауаптылықты тарту және де жасалған қылмыстық әрекет пен әрекетсіздіктің бар ауыртпалығын түсіну елімізде жасалған қылмыс санының азаюына септігін тигізеді. Сондықтан қылмысты саралау кезінде қылмыскердің ниетін білу маңызды болып табылады.

Осы жерде туындайтын басты мәселе қылмыс жасалған кездегі құқықбұзушының аффект күйінде болуы не болмауы. Оны анықтау үшін қылмысты саралау барысында құқық бұзушыны сот-психиатриялық сараптамадан өткізеді. Осы жерде сот-психиатриялық сараптамасының басты міндеті — сезіктінің психикалық халін анықтау. Сот-психиатриялық сараптамасының бірнеше әдістері бар - психологиялық диагностика, болжау, жобалау, әсер ету әдістері. Бұдан бөлек, инструменталды аппараттар да қолданылуы мүмкін. Мысалы, МРТ, ЭЭГ, алуан түрлі тестер.

Тағы бір ескеріліп кететін мәселе - ол аффект күйінің және есі дұрыс еместіктің айырмашылығын анықтау. Осы жерде ерекше көңіл бөлуге тұрарлық жағдай — жан күйзелісінің ұзақтылығы. Яғни есінің дұрыс еместігі уақыт ұзақтылығымен ерекшеленеді. Бұл құқықбұзушыны қылмыстық жауаптылықтан мүлдем немесе жартылай босатуы мүмкін. Ол қылмыстың жеке түрі болып қарастырылмайды. Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің жалпы бөлімінің 16-бабы бойынша Осы Кодексте көзделген қоғамға қауіпті іс-әрекетті жасаған уақытта есі дұрыс емес күйде болған, яғни созылмалы психикалық ауруы, психикасының уақытша бұзылуы, ақыл-есінің кемдігі немесе психикасының өзге де дертке ұшырауы салдарынан өзінің іс-әрекетінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамға қауіптілігін ұғына алмаған немесе оларға ие бола алмаған адам қылмыстық жауаптылыққа жатпайды [2]. Ал аффект күйінде жасалған қылмыс үшін жаза тағайындалады.

Аффект күйі есі дұрыс еместіктен мүлдем өзеше екендігін түсіндеріп кеткен жөн. Алдында айтылып кеткендей аффект — ол уақытша пайда болған жан күйзелісінің әсерінен жасалған қылмыс. Яғни жасалған қылмыстан кейін қылмыскер жасаған іс-әрекетті үшін толықтай жауаптылықты түсінеді де тарта алады. Ал есі дұрыс еместік дегеніміз — жасаған әрекеті үшін жауаптылыққа тартылмау деп түсінуге болады. Алайда есі дұрыс еместік үшін жаза тағайындалмаса да Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 16-бабының 2-тармағы бойынша есі дұрыс емес деп танылған адамға сот осы Кодексте көзделген медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдануы мүмкін [2].

Аффект ұғымына байланысты қазіргі таңда көптеген қате пікірлер қалыптасуда. Оның көбісі алдында аталып өткен есі дұрыс еместік терминімен шатастыру болып табылады. Сондықтан психологтар аффект күйін екіге бөліп қарастырады. Олар патофизиологиялық және физиологиялық аффект. Осындағы физиологиялық аффект Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 98-бабында қарастырылған. Ал патофизиологиялық аффект дегеніміз заң саласында, яғни Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі бойынша есі дұрыс еместік деп белгіленген.

Қылмыстық кодекс бойынша аффект — кенеттен туған жан күйзелісі деп берілген. Осы жердегі қозғалатын тағы бір мәселе болып аффект сөзіне құқықтану ғылымы жағынан дұрыс

ұғым беру болып табылады. Яғни психология терминіндегі «аффект» сөзі мен құқықтану ғылымындағы сол терминнің синоним еместігін көрсету. Онша көңіл аударылмайтын бұл мәселе практикада көптеген қиындықтарға әкеліп соғуы мүмкін. Көптеген қорғаушылар да, сот сараптама қызметшілері де «аффект» сөзін дәлірек түсіндіру және қолдану үшін аффект терминін психологиялық тұрғыдан да қарастырады. Басқа сөзбен айтқанда, аффект сөзіне «эксперттік» мағына беруге тырысады. Ал сараптаушылардың ондай қателігі қылмыскерге өзінің жасаған іс-әрекеті үшін толық жауаптылықты түсінуге жол бермейді. Мысалы: психология ғылымында аффект ұғымына өзін эмоционалды қысымда сезіну, эмоционалды қобалжу сияқты түсініктер де жатады [4].

Алайда құқық саласында аффект күйіне атылып өткен эмоционалды қобалжуды немесе қысымды жатқызсақ, мысалы өшпенділікпен жасалған қылмыс та аффект күйінде жасалған қылмысқа жатқызылар еді. Яғни қылмыстарды саралау барысында қиындық туындауы мүмкін. Сондықтан қылмыстың бұл түрін тек заң шығарушы органдармен кодексте белгіленген анықтамасын дұрыс түсіну маңызды.

Саралау кезінде аффект күйінде жасалған қылмыстың өзіндік өлшемі болады. Жасалған қылмыстың объективті жағын анықтау үшін, яғни қылмыскердің аффект күйінде болу болмауын анықтау үшін, біріншіден, қылмыс болған жағдайды; екіншіден, субъектінің мінез құлқын және қылмыс жасар алдындағы психофизикалық жағдайын; үшіншіден, жасаған қылмыстың психодинамикалық сипатын анықтау керек [5].

Қылмыс субъектінде аффект күйі бірнеше секунд аралығында қалыптасады және тек қоршаған адамдар үшін ғана емес, қылмыскердің өзіне де кенеттен болатын жай. Адамның аффект жағдайындағы әрекеттеріне тән тек кенеттілігі ғана емес, іс-әрекетінің де қапылыстығы. Яғни қылмыскердің кәдімгі өмірінде жасамайтын қылықтары. Мысалы, адам қылмыс жасар алдында әлсіз болса, аффект күйінде ашуға булыққан қылмыскер жәбірленушіге аса ауыр дене жарақаттарын тигізуі мүмкін. Аффект күйіне тән тағы бір қасиет- ол субъектінің қылмыс жасаған кезінде не істеп, не қойғанын ұмыту болып табылады, яғни қысқа мерзімді амнезия [6].

Аффекттің пайда болуының бірнеше механизмі болады. Бірінші жағдайда, жағымсыз эмоциялардың жиналуы, реніш немесе қорлауды көп күндер бойы шыдау. Екінші жағдайда, субъектінің өміріне маңызды жағдайда туындайтын аффект күйі [7].

Аффект күйінің ұзақтығы бірнеше секундтан бірнеше минутқа дейін созылуы мүмкін. Алайда аффект күйі аяқталғаннан кейін жылдам эмоционалды құлдырау, шаршау, апатия орын алады. Көп жағдайда қылмыскердің жасаған әрекеті үшін өкінуі немесе жәбірленушіні аяу орын алады.

Практикада қылмыскердің жәбірленушіні аяп жедел жәрдемді өзі шақырған немесе жасаған қылмыс орнынан көптеген өзіне қарсы айғақтарды қалдырып кеткен жағдайлар да орын алады. Алайда осындай жағдайлардың ең қауіптісі қылмыскердің өкініш сезінгеннен кейін әлі қобалжу күйінде жәбірленушіге өзі көмек көрсетуге тырысуы. Осындай жағдайлар көбінесе жәбірленушінің халін қиындатуға әкеліп соғады.

Қорытындылай келе аффект күйінде жасалған қылмысты саралау, не сол үшін жаза тағайындау кезінде тінтушілер мен сот қызметкерлері объективті көз-қарасты сақтау керек. Яғни қылмыскерге деген аяушылықпен немесе керісінше жеккөрінішпен шешім қабылдау орынсыз болып табылады.

Және де осындай қылмыстарды саралау барсысында ең бастысы - аффект жағдайында жасалған қылмысты басқа қылмыстармен шатастырып алмау. Өйткені ондай қателіктер біріншіден, адам тағдырын шешеді; екіншіден, қылмыскердің жасаған қылмысы үшін жауаптылықты толықтай түсінуге мүмкіндік бермейді; үшіншіден, еліміздегі жасалған қылмыстар санын арттырады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Рубинштейн Л.С. Основы общей психологии-2том.-М.: Педагогика, 1989г, - 488 с.

2. Уголовный кодекс Республики Казахстан.- Алматы: Юрист, 2015г.
3. Борчашвили И.Ш., Рахметова С.М. Уголовное Право Республики Казахстан. Особенная часть.- часть 1- Алматы: Институт «Данекер» , 2000г
4. Сафуанов Ф.С. судебно- психологическая экспертиза в уголовном процессе. – М.: Гардарики, 1998г, - С. 42.
5. Коченов М.М., Ситковская О.Д. Судебно-психологическая экспертиза// Судебно-психологическая экспертиза физиологического аффекта.- М., 1977г, С. 38.
6. Аминов, И.И. Юридическая психология: учебное пособие для вузов по спец. «Юриспруденция». – М.: Юнити-Дана, 2007. – 414с.
7. Васильев, В.Л. Юридическая психология: Учебник для вузов. – Спб.: Питер, 2005. – 654с.

УДК 343.1

О НЕКОТОРЫХ ВОПРОСАХ УГОЛОВНОГО ПРЕСЛЕДОВАНИЯ

Мрасылова Айнур Саятовна

baimoldinasveta@yandex.ru

студентка 4 курса юридического факультета ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

Научный руководитель – С.М. Баймолдина,

к.ю.н., доцент кафедры уголовно-правовых дисциплин

ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

Особой актуальностью в правовой науке и практике обладают вопросы, связанные с защитой прав человека в уголовном процессе. Конституция Республики Казахстан гарантирует данные права [1], а уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан [2] регламентирует правовые процедуры, связанные с уголовным процессом, в частности уголовного преследования. В настоящее время в уголовном процессе назрел ряд дискуссионных вопросов, связанных с определением понятия, сущности и видов уголовного преследования в уголовном судопроизводстве.

Вопрос о понятии и видах уголовного преследования всегда привлекал внимание учёных-процессуалистов. Отечественными учеными и практиками, в том числе дореволюционными, советскими и российскими юристами, был внесен значительный вклад в разработку теории уголовного преследования, а также в исследование публичных и частных начал уголовного преследования.

Особую актуальность избранная тема исследования приобретает в связи с законодательным расширением дел частно-публичной категории в уголовном процессе, что неизбежно влечет необходимость установления новых границ уголовного преследования. В связи с этим важнейшее и возрастающее значение имеет анализ существующих принципов уголовного процесса. Особенности уголовно-процессуальной материи вызывают необходимость в точном формулировании общего понятия, содержания, пределов уголовного преследования как уголовно-процессуального феномена. Совершенствование системы уголовно-процессуальных норм, регламентирующих формы уголовного преследования, будет способствовать созданию эффективного и рационального порядка судопроизводства в целом.

Начиная с XIX века и до настоящего времени, исследованию публичности уголовного преследования в уголовном процессе было посвящено много интересных работ. В дореволюционный период вопросы, касающиеся отдельных аспектов уголовного преследования в целом и частно-публичного обвинения в частности, рассматривали А. фон-Резон, Арефа, А.Ф. Бернер, С.В. Познышев, Н.С. Таганцев, Н. Неклюдов, В.Д. Спасович, И. Я. Фойницкий, И. Щегловитов и др.